

Сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы (2007 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша)

Сақтандыру сыйлықақылары


2007 жылғы қаңтар-ақпан айларында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2006 жылғы осындай кезеңдегі жиналған көлемнен 39,9%-ға көп болып, 23 780,2¹ млн. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.03.2006ж.	01.03.2007ж.		01.03.2006 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
		Сомасы Сумма	Үлесі %-бен доля, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	17 002,2	23 780,2	100,0	39,9
Міндетті сақтандыру	1 792,5	2 663,6	11,2	48,6
Ерікті жеке сақтандыру	1 507,7	2 306,5	9,7	53,0
Ерікті мүліктік сақтандыру	13 702,0	18 810,1	79,1	37,3

млн теңге

Кестені қарағанда міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 48,6%-ға өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 53,0%-ды, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 37,3%-ды құрады.



2007 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 55,6% (1 480,6 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 26,4% (703,5 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін

¹ сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын шегергенде, көрсетіліп отыр

жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 8,7% (231,9 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен.

ерікті жеке сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 40,9% (944,3 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 30,4% (701,0 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 17,6% (405,5 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 11,1% (255,8 млн. теңге) болып келеді.

ерікті мүліктік сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша – 33,3% (6 260,5 млн. теңге), 33,0% (6 205,0 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша түскен, мүлікті сақтандыру бойынша – 22,4% (4 212,0 млн. теңге), автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 5,1% (956,3 млн. теңге) болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	1.03.2006ж.		1.03.2007ж.		1.03.2006 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сумма	доля, %	Сумма	доля, %	
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	17 002,2	100,0	23 780,2	100,0	39,9
Өмірді сақтандыру	400,0	2,4	661,3	2,8	65,3
Жалпы сақтандыру	16 602,2	97,6	23 118,9	97,2	39,3

млн. теңге
млн. теңге


"Өмірді сақтандыру" саласы. 2007 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 661,3 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 65,3%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2,4%-ға қарсы 2006 жылғы 1 наурызға 2,8% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2007 жылғы екі айда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 23 118,9 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы осындай кезеңге қарағанда 39,3% -ға көп.


Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 10 823,1 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 45,5%-ы болды.

Структура поступления страховых премий по отрасли "страхование жизни"



Структура поступления страховых премий по отрасли "общее страхование"




Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 30,6%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 3 633,6 млн. теңге боды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 81,8 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.03.2006ж.		1.03.2007ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	7 349,1	43,2	10 823,1	45,5
резидент еместерге	7 015,6	41,3	7 276,2	30,6
резиденттерге	333,5	1,9	3 546,9	14,9
Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған	69,6	0,4	81,8	0,3

Структура страховых премий, переданных на перестрахование по странам



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 94,3%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 3,3%, міндетті сақтандыру бойынша – 2,4% болды.

Сақтандыру төлемдері

2007 жылдың екі айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 60,1%-ға өсіп, 3 096,2²млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 3,7% (115,3 млн. теңге) болып отыр.

млн. теңге

Сақтандыру төлемдері	1.03.2006ж.	1.03.2007ж.		1.03.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
		сомасы	үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	1 933,4	3 096,2	100,0	60,1
Міндетті сақтандыру	849,2	781,2	25,2	-8,0
Ерікті жеке сақтандыру	204,3	496,4	16,0	в 2,4 раза
Ерікті мүліктік сақтандыру	879,9	1 818,6	58,8	в 2,1 раза


² сумма указана за вычетом страховых выплат, осуществленных по договорам, принятым в перестрахование

1.03.2007ж. жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша 62,2% (485,7 млн.теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 24,8% (193,7 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 12,8% (99,9 млн. теңге) болды.

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 74,9% (371,8 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша түскен, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 10,5% (52,2 млн. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша – 7,9% (39,0 млн. теңге) төлемдер болды.

ерікті мүлiктік сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 70,6% (1 284,2 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша түскен, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 15,5% (282,2 млн. теңге), мүлiкті сақтандыру бойынша – 9,2% (167,8 млн. теңге) болды.



2007 жылдың екі айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 41,5% -ы болды.

Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2007 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 40 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 5 - өмірді сақтандыру бойынша, 7 - Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен), 12 сақтандыру брокерлері және 37 актуарийлер қызметті жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы Институциональная структура страхового сектора	01.02.2006ж.	01.02.2007ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	38	40
резидент еместердің қатысуымен	6	7
өмірді сақтандыру бойынша	3	5
Сақтандыру брокерлерінің саны	12	12
Актуарийлер саны	30	37

Есепті күнге 33 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

Капитал. 2007 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 89 194,8 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	1.03.2006ж.		1.03.2007ж.		1.03.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Жиынтық активтер	81 711,0	100,0	151 044,4	100,0	84,6
Міндеттемелер	31 694,7	38,8	61 849,6	41,0	95,1
оның ішінде таза сақтандыру резервтері	25 105,3	30,7	49 578,1	32,8	97,5
басқа да міндеттемелер	6 589,4	8,1	12 271,5	8,0	86,2
Меншікті капитал (баланс бойынша)	50 016,3	61,2	89 194,8	59,0	78,3

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2007 жылғы 1 наурызда 151 044,4 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы 1 наурыздағы осындай көрсеткіштен 84,6%-ға көп, оның ішінде:


млн. теңге

Активтер	1.03.2006ж.		1.03.2007ж.		1.03.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Қолма-қол ақша	3 949,3	4,8	13 990,0	9,3	в 3,5 раза
Орналастырылған салымдар	13 818,8	16,9	27 141,7	18,0	96,4
Бағалы қағаздар	37 346,3	45,7	70 718,0	46,8	89,4
«кері РЕПО» операциясы	8 203,0	10,0	16 999,6	11,3	в 2,1 раза
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	8 877,2	10,9	11 426,4	7,6	28,7
Негізгі қаражат	2 093,5	2,6	2 923,5	1,9	39,6
Материалдық емес активтер	173,3	0,2	325,9	0,2	88,0
Басқа дебиторлық берешек	3 508,7	4,3	3 528,8	2,3	0,6
Басқа активтер	3 740,9	4,6	3 990,5	2,6	6,7
Активтер жиынтығы	81 711,0	100,0	151 044,4	100,0	84,6


млн. теңге

Инвестициялық портфель	1.01.2007ж.		1.03.2007ж.		1.01.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	18 470,3	17,6	20 763,3	18,1	12,4
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	25 554,5	24,3	27 141,7	23,6	6,2
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	54 905,8	52,2	60 452,6	52,6	10,1
Шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздары	6 139,5	5,8	5 873,1	5,1	-4,3
ҚР резидент емес эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	103,6	0,1	244,1	0,2	в 2,4 раза
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары			384,6	0,4	-
Жиынтығы	105 173,7	100,0	114 859,4	100,0	9,2

Структура инвестиционного портфеля по состоянию на 01.01.2007г. (%)



Структура инвестиционного портфеля по состоянию на 01.03.2007г. (%)



Сақтандыру ұйымдарының инвестициялық портфелі құрылымындағы ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесі 52,2%-дан 52,6%-ға дейін ұлғайды, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарының үлесі 24,3%-дан 24,6%-ға дейін ұлғайды, ал ҚР мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 17,6%-дан 18,1%-ға дейін ұлғайды, шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздар үлесі 5,8%-дан 5,1%-ға дейін төмендеді.

Сақтандыру рыногының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру рыногы шоғырлануының төмендегені байқалады. 5 бірінші сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 63,2% келеді (2006 жылдың 1 наурызда – 65,1%)

Сақтандыру рыногы жиынтық активтерінің ішінде бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 49,4% құрайды.

Жиынтық көрсеткіштерінен сақтандыру рыногының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %	01.03.06	01.03.07
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	65,1	63,2
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	84,5	82,4
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	58,7	61,6
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	82,1	80,7
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	56,8	49,4
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	55,1	55,1

Динамика активов, собственного капитала и чистых страховых резервов, млрд. тенге



Міндеттемелер. 2007 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 95,1% өсе отырып 61 849,6 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрған сақтандыру резервтерінің көлемі 49 578,1 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы 1 наурызда қалыптасқан резервтер көлемінен 97,5% артық. Есепті күндегі қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі 25 763,5 млн. теңге болды.

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.03.2006ж.	01.03.2007ж.
ЖІӨ, млрд. теңге	7 453 ³	9 738,8 ⁴
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,23	0,24 ⁵
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,67	0,92
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,10	1,55
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	1 111	1 554

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

³ - 2005 жылға Статистика жөніндегі агенттіктің деректері бойынша за 2005 год по данным Агентства по статистике

⁴ - 2006 жылға Статистика жөніндегі агенттіктің деректері бойынша за 2006 год по данным Агентства по статистике

⁵ - 2007 жылғы қаңтар-ақпан айларына қабылданған сақтандыру сыйақылары страховые премии, принятые за январь-февраль 2007 года